

Б.А.Жетпісбаева, Э.А.Өтеубаева

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесінде заңгерлердің шетелдік коммуникативтік құзыреттілігін құрастырудың алғы шарттары

Мақалада жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесінде заңгерлердің шетелдік коммуникативтік құзыреттілігін құрастырудың алғы шарттары мен бастапқы жолдары айқындалған. Сонымен қатар авторлар шетел тілінің ерекшелігін ескере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың құзыреттілігін дамытатын іс-әрекеттерді саралап, тұлғаның белсенділігін жандандыру түрі, жоғары оқу орнын бітірушінің оқу-танымдық іс-әрекетінен жеке кәсіптік іс-әрекетке көшуіне жағдай жасайтын құрал болып саналатындығын ерекше атап өткен.

В статье рассматриваются теоретические и эмпирические предпосылки формирования иноязычной коммуникативной компетенции юристов в системе послевузовского образования, обусловленные новой социальной ситуацией; динамичностью и интенсивностью межгосударственных обменов; разноплановой информацией и недостаточной разработанностью данного вопроса в теории и практике послевузовского образования. Авторами сделана попытка раскрыть сущность понятия иноязычной коммуникативной компетенции юристов в контексте межкультурно-коммуникативной парадигмы непрерывного иноязычного образования.

ӨОЖ 371.13:377

С.А.Қыпшақов¹, И.С.Өтебаев¹, Ә.И.Сыздықова²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;
²Қарағанды гуманитарлық колледжі

Кәсіби оқыту педагогтарын бейіндік мектепте кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлау

Мақалада мамандарды бейіндік мектеп жағдайында кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлау мәселелері қарастырылған. Бұл жағдай жалпы білім берудің жоғары сатысында бейіндік оқытуға көшіп отырған бүгінгі таңда өте көкейтесті. Кәсіпкерлік іс-әрекет түрлері талданған. «Бейіндік оқыту», «бейіндік мектеп» ұғымдарының мағынасы ашылған. Бейіндік мектепте кәсіпкерлік негіздерді ұйымдастырудың кейбір өзекті бағыттарын жетілдіру тәсілдерінің мазмұны айқындалған.

Кілтті сөздер: болашақ мамандар, жобалау әдісі, жобалау мәдениетін қалыптастыру, кәсіби қызмет, педагогикалық технологиялар, еңбек нарығының талаптары, оқыту технологиясы, бейіндік мектеп, кәсіпкерлік іс-әрекет, кәсіби оқыту педагогтары.

Алдыңғы қатарлы дамыған мемлекет пен азаматтық қоғам құруға ұмтылыс жасалып отырған қазіргі кезде еліміз үшін оның теориялық негіздерін айқындап, нақты іс-қимыл стратегиясын жасау маңызды мәселе болып отыр. Кез келген әрекет ғылыми тұрғыда негізделіп, мақсатты, жоспарлы түрде іске асырылса ғана тиімді нәтиже беретіні анық.

2008 жылғы 1 шілдеде ел Президентінің № 626 Жарлығымен «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Онда бағдарламаның «адам ресурстарын дамыту, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндігін кеңейту, білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттің, бизнестің, қызмет саласының ұмтылыс жобалары үшін бәсекеге қабілетті күрделі құзыреттерімен және іргелі білімдермен кадрларды даярлайтын техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін құру жөнінде мемлекет өткізетін жұмыстың бір бөлігі болып табылатындығы» көрсетілген [1].

Әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті және экономиканы индустриялық-инновациялық дамытудың қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін, тиімділігі жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру мақсаты ел Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында үнемі қойылып келеді [2, 3].

Сол себепті бүгінгі күні Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары алдына әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзыретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отыр. Педагог-мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейін игерген маман ретінде даярлау мәселесін тудырады.

Технология сабағында оқушыларды кәсіпкерлік қызметке тарту барысында, оларды өнім өндірудің әдістері мен тәсілдері және алғашқы бағасымен таныстырып өту керек, нарықты оқыту, маркетингтік және менеджменттік қызметтің пайда болуы, қажетті ақпараттарды іздеу және т.б. үйрету керек. Яғни оқушылардың өздерінде бар ресурстарды нарықтық механизмге айналдыру, (білім және іскерлік, материалдарды, құрал-жабдықтарды) соңғы тұтыну өнім. Оқушыларға деген маңызды түсінік, яғни, олардың білімі мен іскерлігі де түгелдей бағалы экономикалық ресурс болып табылады.

Жаңа экономикалық жағдайларға жастарды бейімдеу, нарықтық қатынастардың субъектісін дайындау — бүгінгі күнгі негізгі әлеуметтік қажеттіліктердің бірі. Әлеуметтік-экономикалық тұрақты даму және оның бәсекелес сипатын қалыптастырудың басты күштерінің бірі кәсіпкерлік іс-әрекетті дамыту болып табылады. Бұл жастарды еркін нарықтық экономикаға өту шарттарында өмірге және еңбекке дайындайтын мақсатты әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет қажеттілігін үйлестіреді.

Педагогикалық практиканы талдау жастардың экономикалық мәдениеті мен экономикалық білімінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Бүгінгі күні осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныбында бейіндік оқыту енгізіліп отыр. Осыған байланысты кәсіптік білім беру саласында педагог-мамандарды бейіндік мектепте жұмыс істеуге арнайы даярлау мәселесі күн тәртібінде тұр.

Осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеулерді теориялық-әдістемелік тұрғыдан талдау болашақ кәсіби оқыту педагогын даярлау мәселесінің кәсіби білім беру теориясы мен әдістемесі саласында бейіндік мектеп жағдайында жұмыс істеу дайындығы жағынан әлі де болса шешімін таппай отырғандығын дәлелдейді.

Білім беру жүйесін түбегейлі реформалау жағдайында оның барлық деңгейлері арасындағы үздіксіздік принципі сақталуы қажет. Бұл дегеніміз — жүйенің бір бөлігі өзгеріске ұшыраған жағдайда онымен байланысты басқа компоненттер де соған байланысты икемделуі тиіс. Бұл, әсіресе, жалпы орта білім беру мен кәсіби білім беру деңгейлері арасындағы байланысқа қатысты. Себебі кәсіби білім беру жүйесі (нақтырақ айтсақ, оның ішінде педагогикалық мамандар даярлау жүйесі) жалпы орта білім жүйесіне тікелей қызмет етеді, екіншісінің сапасынан бірінші жүйенің сапасы тәуелді болады.

Бұл жағдай жалпы білім берудің жоғары сатысында бейіндік оқытуға көшіп отырған бүгінгі таңда өте көкейтесті, қазіргі кезде педагог-мамандарды даярлауда болып жатқан өзгерістерді есепке ала отырып жүргізілуі керек. Яғни жалпы білім беретін орта мектептің жоғары сатысында жұмыс жасайтын мұғалім бейіндік оқыту жағдайында жұмыс істей алатын, оның ерекшеліктерін білетін және сол бойынша қосымша білім бағдарламаларын жасай алатын және оларды жүргізе алатын болуы, баламалық жағдайда жұмыс істей алуы қажет. Міне, осы аталғандар пән мұғалімінің пәндік, әдістемелік дайындығымен бірдей деңгейде көңіл бөлінетін, маман даярлау жүйесінде қалыптастырылатын негізгі құзыреттіліктер болуы тиіс.

Дегенмен, қазіргі кәсіби білім беру жүйесінің аталған өзгерістерді терең және жүйелі есепке алмай отырғаны белгілі. Оның үстіне, біліктілікті арттыру және қайта даярлау жүйесі де бұл мәселеге тек эпизодтық сипатта мән беріп отыр. Педагогикалық мамандарды кәсіби даярлау жүйесі мен біліктілікті арттыру институттарының жұмыс жоспарларына талдау жасау арқылы бұған көзіміз әбден жетеді. Сондықтан педагог-мамандар даярлау және қайта даярлау жүйесінде білім беру мазмұнын қайта қарастыру, жоғарыда аталған өзгерістерді есепке алу қажеттігі туындайды. Бұл жерде білім беру жүйесінің барлық деңгейлері, оның ішінде жүйені басқару органдары өзара бірігіп күш жұмсау керек.

Бүгінгі күні біздің еліміздің ғалымдары алдында білім беру саласының даму жолын қайтадан, жаңа көзқарас тұрғысынан қарастыру міндеті тұр. Бұл қоғам сұранысынан және қажеттілігінен туындайды. С.Т.Каргин, С.Қ.Омаров, А.А.Мұқатаев оқытуды бейіндік саралауды ұйымдастырудың, бейіндік оқытуды іске асырудың кейбір мәселелеріне тоқталады [4–6]. Осы және басқа да еңбектерде білім туралы сөз болғанда оқушылардың сұраныстарын, қызығушылықтарын ескеру, оқыту процесін

әр бейінде, оқу материалын игерудің түрлі топтарына негіздеп құру мәселелері көтеріледі. Мұның барлығы оқыту мақсатын оқушылардың мүмкіндіктері мен тілектеріне және қоғамның әлеуметтік, саяси-экономикалық сұранысын қанағаттандыруға сәйкестендіруден шығып отыр.

Бейіндік саралауды жүзеге асырудағы отандық және шетелдік мектептердің жұмысы мен мәселеге қатысты педагогикалық әдебиетті талдай келіп, А.А.Мұқатаев мынадай қорытындылар жасайды: оқытуды бейіндік саралаудың а) тарихи-педагогикалық алғы шарты — педагогика тарихы мен шетелдік және отандық педагогика практикасындағы оның тәжірибесі; ә) ғылыми-педагогикалық алғы шарты — оны білім алушылардың сұраныстарына, қызығушылықтары мен бейімдеріне байланысты оқыту процесінің принциптеріне негіздеп жүргізу; б) құқықтық-нормативтік алғы шарттары осы кезеңде қабылданған «Білім туралы» Заңдар (1992, 1999), оқу жоспарлары (1990, базистік — 1994), Білім берудің жалпыға міндетті стандарттары (1998, 2002), ҚР Гимназиялары мен лицейлерінің жұмысын ұйымдастыру туралы ережелер (1996, 2000) болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, бейіндік оқыту — білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, білім беру процесін ұйымдастыру [7] болып табылады деген тұжырыммен келісуге болады. Ал бейіндік мектеп дегеніміз өз базасында бейіндік оқытуды жүзеге асыратын мектеп болып табылады деген анықтама беруге болады.

Бейіндік оқытудың ең басты ерекшеліктерінің бірі — білім, іскерлік, дағдылар қалыптастырудан құзыреттілік тұрғыға көшу. Бұл дегеніміз — оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыт алу деген сөз. Ал ол үшін бұрыннан қалыптасқан кәсіби білім беру процесін қайта құрып, мамандар даярлауда осы бағытта жұмыс жасауды талап етеді. Бейіндік мектепте жұмыс жасайтын мұғалімді даярлау нені есепке ала отырып жүргізілуі керек және ол мұғалім қандай құзыреттіліктерге ие болуы қажет?

Бейіндік мектеп үшін өзіндік идеялары бар, жаңа оқу бағдарламаларын жасауға және жүргізуге қабілетті, жоғары интеллектуалдық әлеуетке және ғылыми құзырға ие мұғалім қажет. Бейіндік оқыту жағдайында педагог әдістемелік даярлығы қалыптасқан, сабақта оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлі әдістерін меңгерген тұлға болуы тиіс. Ол оқушылармен бірге олардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында ізденістік-зерттеу жұмыстарын үнемі жүргізуі керек. Бейіндік сыныптардағы мұғалім оқу, ізденістік жұмыстың ұйымдастырушысы, кеңесші болып табылады.

2006 жылы бекітілген «Технология» пәнінің орта жалпы білім беретін мектептің 10–11 сыныптарына арналған бағдарламаларының бір нұсқасы «Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері» деп аталады [8]. Бұл пәннің мақсаты оқушылардың шағын және орта бизнес салаларына қатысты білімге деген сұраныстарын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстанда жалпы орта білім беретін мектептерде оқушыларды кәсіпкерлікке оқыту, кәсіптік оқыту педагогтарын, оқушыларды кәсіпкерлікке оқытуға кәсіби даярлау мәселелерін шешуде жүйелілік жоқ деуге негіз бар.

Кез келген іс-әрекет саласындағы маманды даярлау мазмұнымен және технологиясымен байланысты сұрақтар әдетте бірден шешімін таппайды. Әсіресе бұл сала жаңа әрі қоғам дамуында келешегі бар болса. Қазақстандағы сондай маңызды, келешегі зор саланың бірі кәсіпкерлік болып табылады.

Елімізде қазіргі жағдайда кәсіпкерліктің мәні үлкен. Бұл, біріншіден, Қазақстандағы нарықтық экономиканың өркендеуімен байланысты. Екіншіден, меншік формасының көптүрлілігімен, еңбек мотивациясының өзгеруімен, экономикалық іс-әрекеттің субъектілері арасында бәсекелестік қатынастардың дамуымен және басшылықтың командалық-әкімшіліктік жүйеден басқарудың экономикалық әдісіне көшуімен тікелей байланысты. Қазіргі уақытта Қазақстан экономикасында кәсіпкерлік өндірістің барлық негізгі факторларын қоғамның қажеттілігін қанағаттандыратын тауар және қызмет көрсетуді құрудың бірыңғай процесіне біріктіретін күшке айналуға.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, «кәсіби оқыту педагогының бейіндік мектеп жағдайында кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға дайындығына» және «кәсіби оқыту педагогын бейіндік мектеп жағдайында кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлау» ұғымдарына анықтама беруге болады.

Сонымен, кәсіби оқыту педагогының бейіндік мектеп жағдайында кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлығы дегеніміз — бейіндік мектеп жағдайында білім беру іс-әрекетінің әр түрлі формаларын кіріктіру, ашық білім беру ортасын жобалау, баламалы білім беру мазмұнын жобалау және құрастыру, оқушылардың әр түрлі деңгейдегі білім алу іс-әрекетін ұйымдастыру

құзыреттіліктерінің қалыптасуы, ал «кәсіби оқыту педагогын бейіндік мектеп жағдайында кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлау» осы құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған мамандарды кәсіби даярлау процесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының жаңа әлеуметтік даму жағдайында тұлғаның бойында құндылықтарды қалыптастыру мәселесі Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік білім бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құжаттарында, Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауларында негізгі орын алып отыр. Еліміздің егемендік алуымен білім беру мәселесіне деген көзқарастар өзгерді.

Қазіргі қоғамдық санада болып жатқан өзгерістер мен жаңартулар тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар мен өмірдің қарапайым ақиқаты тұтастығында тәрбиелеуді нысана тұтады. Адамдардың бойында білімді жоғары құндылық ретінде қарастыра алатын қасиеттердің болуы олардың еліміздің болашағына деген жауапкершілік деген сезімін ұлғайтып, әлеуметтік белсенділігін дамытады.

Қазіргі уақытта қоғам тарапынан жалпы білім беретін мектепке жаңа талаптар қойылып отырғаны белгілі. Өйткені адамның табысты өзін-өзі жүзеге асыруы оның білімділік деңгейімен айқындалады. Бұл туралы өз Жолдауында ел Президенті әрқашан да ерекше айтып отырады. Соған байланысты қазақстандық білім беру жүйесін жаңартудың бірінші кезектегі міндеті болып білім берудің заман талаптарына жауап беретін сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл мәселеге «Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында», «Қазақстан Республикасында Техникалық және кәсіби білім беруді дамытудың 2008–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында», тағы да басқа нормативтік құжаттарда баса көңіл бөлінеді. Мәселен, «Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басты міндеттері ретінде халықтың барлық жіктерінің сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету, білім беруді басқаруды одан әрі демократияландыру негізінде білім берудің ұлттық жүйесінің жұмыс істеуінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу, 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу, білім беруді халықаралық стандартты жіктеу ұстанымдарына сәйкес кәсіптік білім беру және кадрларды даярлау жүйесін қайта құрылымдау, экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру, білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру, көп деңгейлі үздіксіз білім беру жүйесінде мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның мүдделерінің теңдестігін қамтамасыз ету т.б. көрсетілген.

Бұл құжаттарда мектепке қойылатын негізгі талаптардың бірі — білім алушылардың белгілі бір білімдер жүйесін меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге қоғамда өз мәнінде әлеуметтенуге және еңбек нарығында белсенді бейімделуіне мүмкіндік беретін оқушы тұлғасын тұтас дамытуға, оның танымдық және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталу болып табылады.

Сапалы білім қоғам дамуының негізгі ресурстары болып табылатынын мойындау білім беруге деген көзқарасты түбірімен өзгертуге алып келуі тиіс. Ал білімнің жаңа сапалы қасиетін қалыптастырушы негізгі тұлға мұғалім болып табылатындықтан, оның кәсіби іс-әрекетінің сапасын бағалаудың маңыздылығы артады. Сол себепті бүгінгі таңда сыни және шығармашылық тұрғыдан санадан өткізу және алдыңғы қатарлы педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өзінің іс-әрекетінің мазмұнын жетілдіруге қабілетті мұғалімге деген қажеттілік арту үстінде.

Оқытуды ізгілендіру процесіне, оқушының тұлғасын тұтас қалыптастыруға, оның құндылығы мен қазіргі қоғам үшін қажеттілігін мойындауға бағыттала отырып, оны ең алдымен мұғалім қалыптастыратынын естен шығармауға тиіспіз.

Жаңа білім беру парадигмасының талаптарына сәйкес педагог іс-әрекеті баланың әлеуетті мүмкіндіктерін анықтауға және оны одан әрі жетілдіруге жағдай жасауы тиіс. Осыған байланысты оның жалпы және кәсіби мәдениетіне қойылатын талаптар күшейе түседі.

Жоғары білім беру жүйесінің негізгі мақсаты осы заманғы білім беруге негізделген сапалы кәсіби білім беру арқылы біліктілігі жоғары және бәсекелестікке қабілетті маман даярлау болып отырған жағдайда болашақ педагогтарды бейіндік мектеп жағдайында жұмыс істеуге даярлау мәселесінің көкейкестілігі артып отыр.

Психологиялық-педагогикалық білімдердің дамуының қазіргі деңгейі басқа оқу орындарындағы тәрізді жоғары оқу орнында болашақ кәсіби оқыту педагогы даярлықтарының мазмұнын жетілдіруді

көздейді. Ақпараттар легі өте көп болғандықтан, бүгінгі таңда мамандарға өмір бойына жететін терең білім беру мүмкін емес. Сондықтан білімді барлық өмір бойына алу емес, керісінше, өмір бойы білім алу қажеттілігі туындайды. Бұл жоғары мәдениетті, шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын, жаңашылдыққа құштар мамандарды даярлау барысында іске асырылуы тиіс. Мұның өзі кәсіби білім беру барысында кәсіби іс-әрекеттің негізгі ерекшеліктерін есепке алуды және оларды тиімді пайдалануды қажет етеді.

Бейіндік мектеп жағдайында кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлаудың ғылыми деңгейін көтеру іргелі ғылымдардың жаңалықтары негізінде жүзеге асырылады, сондықтан нақты мамандықтың қағидалары осы ғылымдардың заңдарына сүйенуі керек. Сонымен кәсіби даярлық мазмұны, ең алдымен оның негізділігін білдіреді, яғни мамандардың жалпы ғылыми даярлығын жетілдіруді талап етеді.

Сонымен, болашақ кәсіби оқыту педагогының даярлығын үнемі жетілдіріп отырудың қажетті шарты жоғары оқу орындарынан шығатын маманның қоғамның талаптарына сәйкес келуі болып табылады. Қазіргі кезде қоғамдық-саяси ойлаудың қарқынды дамуы кәсіби білім беру жүйесінде үнемі жаңа идеяларды іздестіріп отыруды және оның үздіктерін таңдап алуды міндеттейді. Сондықтан қоғамдық қатынастар саласындағы жаңалықтар мамандарды оқыту мазмұнында көрініс табуы тиіс, ал кәсіби білім беру мазмұны қоғамның жаңару перспективасына сай жүзеге асырылуы тиіс.

Бүгінгі жағдайда қоғамға қандай адамдар қажет? Жалпы қоғам сұраныстарын талдау қоғамның өзгермелі өмір жағдайларына, экономикалық даму қарқынына тез әрі жылдам бейімделе алатын білімді, ұтқыр, шығармашыл, бастамашыл, өзін-өзі жетілдіруге мүдделі және қабілетті адамдарды қажетсінетінін көрсетеді. Осындай тұлғаларды қалыптастыру сөзсіз үлкен, сапалы өзгерістерді керек ететін білім беру жүйесінің алдына қойылатын ең басты міндет болып табылады.

Осы айтылғандардың барлығы бізге жоғары оқу орындарында болашақ кәсіби оқыту педагогын бейіндік мектеп жағдайында кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлау қажеттілігін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 О Государственной программе развития технического и профессионального образования в Республике Казахстан на 2008–2012 годы / Астана, 1 июля 2008 года // Казахстанская правда. — № 157. — 2008. — 17 июля. — С. 3, 4.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына жолдауы: Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында: Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы / Астана, 2006 жылғы 1 наурыз // Егемен Қазақстан. — № 52. — 2006. — 2 наур. — 3, 4-б.
- 3 Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты: Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан. — 2008. — 28 ақп. — 1–5-б.
- 4 *Каргин С.Т., Қытайақов С.А.* Бейіндік мектепке педагог-мамандар даярлау — педагогикалық-психологиялық проблема // Особенности профессиональной подготовки педагогических кадров в условиях перехода на 12-летнее обучение: Материалы респ. науч.-практ. конф. (22 мая 2009 г.) — Қарағанды: ҚРУ баспасы, 2009. — 354–358-б.
- 5 *Каргин С.Т., Омаров С.Қ., Мұқатаев А.А.* Қосымша білім беру бағдарламалары — оқытуды бейіндік саралаудың құралы // Теоретические и практические проблемы реализации содержания государственной программы развития образования в РК на 2005–2010 годы: Материалы респ. науч.-практ. конф., посвящ. 10-летию казахской гимназии № 92 (30 марта 2007). — Қарағанды: Санат, 2007. — 129–134-б.
- 6 *Мукатаев А.А.* Профильная дифференциация обучения: опыт инновационных школ Казахстана // Naukowy potencjal swiata: Materialy IV miedzynarodowej nauk.-prak. conf. / Тум 4. Pedagogiczne nauki: Przemysl, 2008. — P. 39–42.
- 7 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы / Астана, 2007 жылғы 27 шілде // Егемен Қазақстан. — № 254–256. — 2007. — 17 тамыз.
- 8 Технология. Орта жалпы білім беретін мектептің 10–11-сыныптарына арналған бағдарламалар. — Алматы: Мектеп, 2006. — 29-б.

С.А.Кипшаков, И.С.Утебаев, А.И.Сыздыкова

Подготовка будущих педагогов к обучению основам предпринимательской деятельности в профильной школе

В статье рассматриваются вопросы подготовки будущих педагогов к обучению основам предпринимательской деятельности в профильной школе. Эта проблема наиболее актуальна, так как сегодня осуществляется переход к профильному обучению на высшей ступени общего образования. Авторами проанализированы виды предпринимательской деятельности, раскрыты значения понятий «профильное обучение», «профильная школа», выявлены способы разработки содержания некоторых актуальных направлений по организации предпринимательских основ в профильной школе.

The questions of preparation of the future teachers to training of bases of enterprise activity at profile school are considered in this article. This problem is most actual, as transition to profile training at the higher step of the general education today is carried out. Kinds of enterprise activity are analysed. Values of concepts «profile training», «profile school» are opened. Ways of working out of the maintenance of some actual directions on the organisation of enterprise bases at profile school are revealed.

ӘОЖ 378.147.88

Г.Н.Рамашова, Т.С.Төлеуова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Шетел тілін оқыту үдерісіндегі студенттердің оқытушымен сабақтан тыс өзіндік жұмысын ұйымдастыруы

Мақалада жоғары оқу орнында студенттердің оқытушымен бірге сабақтан тыс өзіндік жұмысын ұйымдастырудың жолдары қарастырылған. Авторлар студенттер орындайтын өзіндік жұмыстарының сан алуандығын баяндап, бұл оқыту түрін білім беру үрдісінің ажырамас бөлігі, оқыту әдісі оқу-ғылыми таным тәсілі болып табылатынын айқындаған. Оқыту үдерісін ұйымдастыру түрі сабақ екенін есепке ала отырып, өзіндік жұмыс тұлғаның белсенділігін жандандыру түрі, жоғары оқу орнын бітірушінің оқу-танымдық іс-әрекетінен жеке кәсіптік іс-әрекетке көшуіне жағдай жасайтын құрал болып саналатындығын атап өткен.

Кілтті сөздер: шетел тілін оқыту, студенттердің оқытушымен сабақтан тыс өзіндік жұмысын ұйымдастыру, оқыту әдісі, оқу-ғылыми таным тәсілі, білім беру жүйесі, аудиториядан тыс өзіндік жұмыс, оқу-әдістемелік кешен, кәсіптік іс-әрекет, несиелік оқыту технологиясы.

Қазіргі уақытта еліміздің білім беру жүйесінде білім беру құрылымын оңтайландыруға бағытталған және нарықтық қоғам құру талаптарына толық сәйкес келетін өзгерістер болып жатыр. Қазақстандағы ондаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі білім беру үлгісі елімізде және бүкіл әлемдегі болып жатқан аса зор және шапшаң қоғамдық-экономикалық өзгерістерге ілесе алмауының мүмкіндігі күн өткен сайын ерекше сезілуде. Бүгінгі күні қоғам білім беру жүйесінен жан-жақты дамыған, өздігінен жұмыс істей алатын, ерекше жағдайларда әрекет жасай алатын және үздіксіз білім алуға талабы бар жастарды дайындауды талап етуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауында (Қазақстан – 2030) мемлекетіміздің стратегиясының аса маңызды бағыттарының бірі бүкіләлемдік қоғамдастықта Қазақстанның орнын анықтайтын білімді кадрлармен қамтамасыз ете алатын білім жүйесі екенін және оны жан-жақты дамыту керектігін атап өтті. Елбасы 2010 жылғы Жолдауында заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жасауды аяқтау керектігін баса айтты. Демек, жоғары мектеп алдында үздіксіз білім алу жағдайында шығармашылықпен жұмыс істей алатын жастарды тәрбиелеу мәселесі бірінші кезекте тұр.

Белсенді және шығармашылықпен жұмыс жасайтын болашақ маманды жан-жақты даярлау мәселесін шешудің тиімді жолдарының бірі жоғары оқу орындарында студенттің өзіндік іс-әрекетін жетілдіру және тұлғаның өздігінен шығармашылықпен жұмыс жасай білу қабілетін дамыту болып